


Келісілді:

«Дән» бөбекжайының әдіскері

 Капасова А.С.

Бекітемін:

«Дән» бөбекжайының меңгерушісі

 Жуманова Ф.С.



«Дән» бөбекжайы МКҚК

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

«Қарлығаш» әр түрлі жастағы тобы

Тәрбиешілер: Калымсеитова А.К., Оразғали Ә.М.

Жақсы кенті
2024-2025 оқу жылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы «Дән» бөбекжайы

Топ «Қарлығаш» кіші

Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) қыркүйек 2024жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
<u>Қыркүйек</u>	Дене шынықтыру	<p>Жүру. Эртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын эртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру.</p> <p>Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, эртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан еңбектеу.</p> <p>Домалату, лақтыру. Екі қолмен, эртүрлі тәсілдермен эртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру.</p> <p>Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</p> <p>Орнында жүру.</p>

		<p>Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұғу.</p> <p>Қимылды ойындар.</p> <p>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</p> <p>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</p> <p>Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Көкөністер мен жемістер.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Ересектердің сөзін түсінуге, тыңдауға үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу.</p>
	Сенсорика	<p>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды,</p>

		қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
	Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.
	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.
	Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
	Музыка	Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау. Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру.
	Қоршаған ортамен танысу	«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беруге үйрету. Заттық әлем.

		<p>Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану.</p> <p>Көлік. Көліктер туралы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды түсіндіру.</p> <p>Табиғат әлемі. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру.</p>
--	--	---